



Өндірістік бақылау қызметтерінің лауазымды адамдары санының нормативтерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 13 қазандағы № 447 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 14 қазанда № 37114 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 12-2-бабы 9-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Өндірістік бақылау қызметтерінің лауазымды адамдары санының нормативтері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетіне:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі

Ч. Аринов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 13 қазандағы
№ 447 Бұйрығымен бекітілген

Өндірістік бақылау қызметтерінің лауазымды адамдары санының нормативтері

1. Осы өндірістік бақылау қызметтерінің лауазымды адамдары санының нормативтері (бұдан әрі – Нормативтер) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-2-бабы 9-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және өндірістік бақылау қызметтерінің лауазымды адамдары санының нормативтерін белгілейді.

2. Осы Нормативтерде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) өндірістік бақылау – өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған, өндірістік бақылау қызметінің лауазымды адамдары жүзеге асыратын қауіпті өндірістік объектідегі іс-шаралар;

2) өндірістік бақылау қызметі (бұдан әрі – ОБҚ) – ұйымның бірінші басшысының тікелей бағынысындағы және қауіпті өндірістік объектіде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын жеке бөлімше;

3) ОБҚ лауазымды адамы – ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалған өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында өндірістік бақылауды жүзеге асыратын адам;

4) қауіпті өндірістік объектілер – Заңның 70-бабында белгіленген белгілері бар және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 353 бұйрығымен бекітілген Қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10310 болып тіркелген) сәйкес сол сияқты сәйкестендірілетін кәсіпорындар, өндірістік бөлімшелер және осы кәсіпорындардың басқа да объектілері, сондай-ақ жылжымалы жүк көтергіш крандар мен көтергіштерді (мұнараларды), мүгедектерге арналған көтергіштерді қоспағанда, қауіпті техникалық құрылғылар;

5) қауіпті техникалық құрылғылар:

қауіпті өндірістік объектілерде пайдаланылатын 0,07 мегаПаскальдан асатын қысыммен және (немесе) 115 Цельсий градустан асатын судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандықтары (жылу желілерін қоспағанда), 0,07 мегаПаскальдан асатын қысыммен жұмыс істейтін түтіктер, жүк көтергіш крандар, көтергіштер (мұнаралар), эскалаторлар, фуникулерлер, лифтілер, траволаторлар, мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштер, сондай-ақ бұрғылау тереңдігі екі жүз метрден асатын ұңғымаларды бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғылар, шахталық көтергіш қондырғылар мен көтергіш машиналар, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың жылжымалы қоймалары, араластыру-зарядтау және жеткізу-зарядтау машиналары, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды дайындауға арналған мобильді және стационарлық қондырғылар;

0,07 мегаПаскальдан асатын қысыммен және (немесе) 115 Цельсий градустан асатын судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін бу және су жылыту

қазандықтары (жылумен жабдықтау ұйымдары), 0,07 мегаПаскальдан асатын қысыммен жұмыс істейтін түтіктер, жүк көтергіш крандар, көтергіштер (мұнаралар), эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер, траволаторлар, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштер;

6) техникалық құрылғылар – қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялық жабдықтар, машиналар, агрегаттар, техникалық жүйелер (кешендер);

7) қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық құрылғылардың тозу үлесі – объектідегі нормативтік қызмет мерзімі өтелген және сараптаманың оң қорытындысы бар қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық құрылғылар санының олардың жалпы санына пайыздық қатынасы.

3. Қауіпті өндірістік объектілер Заңға сәйкес тәуекел дәрежесі бойынша тәуекел дәрежесі жоғары және жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған субъектілер (объектілер) болып бөлінеді.

4. ӨБҚ лауазымды адамдарының жалпы санын қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым мынадай көрсеткіштерді ескере отырып қалыптастырылған есеп негізінде айқындайды:

1) пайдаланылатын қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық құрылғылардың саны;

2) субъектілердің (объектілердің) тәуекел дәрежесі;

3) қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық құрылғылардың тозу үлесі.

5. ӨБҚ лауазымды адамдардың жалпы санын есептеу формула бойынша анықталады:

$$N = B \times K_p \times K_i$$

мұнда:

N – ӨБҚ лауазымды адамдарының штат бірліктерінің жалпы саны;

B – ӨБҚ лауазымды адамдарының санының қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық құрылғылар санына арақатынасының коэффициенті;

K_p – субъектінің (объектінің) тәуекел дәрежесінің коэффициенті;

K_i – қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық құрылғылардың тозу үлесінің коэффициенті.

6. ӨБҚ лауазымды адамдары санының қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық құрылғылар санына арақатынасының коэффициенті (B):

Қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық құрылғылардың саны	B
51–500	2
501–2000	3
2001–5000	4
5001–10000	5
10000 жоғары	6 және жоғары

7. Субъектінің (объектінің) тәуекел дәрежесінің коэффициенті (K_p):

Субъектінің (объектінің) тәуекел дәрежесінің санаты	K_p
Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған	0.5
Тәуекелдің жоғары деңгейі	1

8. Қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық құрылғылардың тозу үлесінің коэффициенті (K_i):

Нормативтік қызмет мерзімі өтелген қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық құрылғылардың үлесі	K_i
10 % дейін	1.0
11–30 %	1.2
31–50 %	1.5
50 % жоғары	2.0

9. Субъектінің (объектінің) тәуекел дәрежесіне және тозу үлесіне қарамастан 51 бірліктен кем қауіпті техникалық құрылғылар мен техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдар инженерлік-техникалық қызметкерлер қатарынан кемінде 1 (бір) ӨБҚ лауазымды адамның болуын қамтамасыз етеді.